

Маусымдық әрекет ететін балалардың білім беру-сауықтыру
орталығының бағдарламасы

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА АРНАЛҒАН
БІЛІМ БЕРУ-САУЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
«Достық әлемі»**

Ұйымның толық атауы: "Ореховая роща" лагері

Әзірленген жылы: 2026 жыл

МАЗМҰНЫ

№	Бөлім	беті
1	Жалпы ережелер	
2	Глоссарий	
3	Бағыттылығы мен тақырыбы	
4	Мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	
5	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	
6	Іске асыру шарттары	
7	Кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету	
8	Іске асыру нәтижелерін мониторингтеу және бағалау	
9	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	

1-бөлім. Жалпы ережелер

Бағдарламаның атауы

Маусымдық әрекет ететін балалардың білім беру-сауықтыру орталығының

Кәмелетке толмағандарға арналған «Достық әлемі» білім беру-сауықтыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) маусымдық әрекет ететін балалардың білім беру және сауықтыру орталығының (бұдан әрі – ББСО) жағдайында балалардың демалысын, сауықтырылуын, тәрбиесін, білім беру және дамытушылық қызметін кешенді ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

Бағдарлама кәмелетке толмағандардың физикалық және психоэмоционалдық денсаулығын нығайтуға, олардың тұлғалық, әлеуметтік, шығармашылық, зерттеушілік, технологиялық және кәсіпкерлік құзыреттерін дамытуға бағытталған жазғы демалысты ұйымдастырудың кешенді моделін қамтиды.

Бағдарлама Ұйым тарапынан жазғы маусым кезеңінде ауысымдардың бекітілген кестесіне, ББСО жұмыс істеу жағдайларына, қатысушылардың жас ерекшеліктеріне, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламаның тұжырымдамалық негізі – баланың демалып, денсаулығын нығайтып қана қоймай, практикалық тәжірибе жинақтайтын, ынтымақтастыққа үйренетін, бастамашылдық танытатын, табиғатқа жанашырлықпен қарайтын, еңбекке, мәдениетке, дәстүрлер мен қоғамдық құндылықтарға құрметпен қарайтын қауіпсіз, қолжетімді және дамытушы жазғы ортаны қалыптастыру идеясына негізделген.

Бағдарлама алты мазмұндық бағыт арқылы іске асырылады: спорттық-туристік, экологиялық, шығармашылық, технологиялық, STEM және кәсіпкерлік бағыттары. Аталған бағыттар ББСО/лагерьдің қолда бар ресурстарын, қолжетімді материалдарды, табиғи ортаны, спорттық құрал-жабдықтарды, ғимараттар мен Ұйымның ашық алаңдарын тиімді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның мазмұны «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іске асыруға бағытталған. Атап айтқанда, адалдық, жауапкершілік, құрмет, еңбекқорлық, отансүйгіштік, жасампаздық, экол

Бағдарламаны іске асыратын Ұйым туралы мәліметтер

Бағдарламаны іске асыратын ұйым: "Ореховая роцца " лагері

Бағдарламаны іске асыру орны: Туркестан облысы, Төлеби ауданы, Алатау округы, Екпінді елді мекені, Үштүмсық көшесі №3

Ұйым кәмелетке толмағандарға арналған маусымдық балалардың жазғы сауықтыру лагері форматында қызмет жүзеге асырады.

Лагердің жұмыс істеу кезеңі: 2026 жылғы 01-маусымның басталу күні мен 28-тамыз аяқталу күні аралығы.

Бір ауысымның ұзақтығы 10 күнтізбелік күнді құрайды: бірінші аптаның дүйсенбісінен екінші аптаның жұмасына дейін.

Бір ауысымға қатысушылар саны: 300 адам. Ауысымдар саны: 300. Маусым ішінде қамтылатын қатысушылардың жалпы саны: 900 адам.

Бағдарлама балалардың тұруына, тамақтануына, демалуына, сауықтырылуына, тәрбиелік, білім беру, спорттық, шығармашылық, жобалық және бос уақытты тиімді ұйымдастыру қызметтерін жүзеге асыруға қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген [ББСО/лагерьдің атауы] базасында іске асырылады.

ББСО/лагерь инфрақұрылымына: [қолда бар тұрғын үй-жайларды, асхананы, медициналық пунктті, спорттық және ойын алаңдарын, топтық жұмысқа, шығармашылық сабақтарға, жобалық қызметке, іс-шаралар өткізуге және демалысқа арналған үй-жайларды немесе ашық кеңістіктерді көрсету] кіреді. Арнайы мамандандырылған үй-жайлар болмаған жағдайда іс-шаралар ауа райы жағдайлары мен күн тәртібін ескере отырып, қолда бар қауіпсіз кеңістіктерде өткізіледі.

Бағдарламаны әзірлеудің құқықтық негізі

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру, тәрбие, балалардың демалысы мен сауықтырылуы, кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленді, оның ішінде:

- 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- 2) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
- 3) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі;
- 4) «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;
- 5) Кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламаларын келісу жөніндегі консультативтік-кеңесші орган туралы ереже;
- 6) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 7 қазандағы № 237 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында балалардың сауықтыруы мен демалысын ұйымдастыру қағидалары;
- 7) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан басқа, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 8) «Балаларды сауықтыру және санаторийлік объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығымен бекітілген;

9) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығымен бекітілген дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары;

10) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;

11) Кәмелетке толмағандардың демалысын, сауықтырылуын, тәрбиесін, қосымша білім беруін, медициналық сүйемелдеуін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Бағдарлама заңнаманы талдау нәтижелері, кәмелетке толмағандардың және олардың заңды өкілдерінің қажеттіліктері, Ұйымның қызмет ету шарттары, ауысымның ұзақтығы, материалдық-техникалық база, кадрлық қамтамасыз ету, тұру және тамақтану жағдайлары, жергілікті жердің климаттық және табиғи ерекшеліктері, күн тәртібі және ауысымның бейіндік бағыты ескеріле отырып әзірленді. Талдау нәтижелері 10.06.2026 №2 хаттамалық шешіммен рәсімделген; хаттамалық шешім негізінде Ұйымның 10.06.2026ж № 2 бұйрығы шығарылды.

Бағдарламаның ұзақтығы

Бағдарлама жазғы маусымда жүзеге асырылады. Бір ауысымның ұзақтығы 12 күнтізбелік күнді құрайды.

Ауысым бірінші аптаның дүйсенбісінен екінші аптаның жұма күніне дейін өткізіледі. Мұндай ұзақтық балалардың ББСО/лагерь жағдайына бейімделуін қамтамасыз етуге, оларды білім беру және сауықтыру іс-шараларына біртіндеп тартуға, жобалық қызметті жүзеге асыруға, қорытынды жасауға және қатысушылардың ұйымдасқан түрде шығуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауысымның мазмұны кезең-кезеңімен құрылады: 1–2 күн – ұйымдастыру-бейімделу кезеңі; 3–8 күн – негізгі мазмұндық кезең; 9–10 күн – жобалық-қорытынды кезең; 11 күн – жетістіктер фестивалі және нәтижелерді таныстыру; 12 күн – рефлексия, сменаны жабу және қатысушылардың шығуы.

Қатысушылардың жас санаты

Бағдарлама 7 жастан 17 жас аралығындағы кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдерге арналған.

Бағдарлама мазмұнын әзірлеу және іске асыру барысында қатысушылардың жас ерекшеліктері, психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері ескеріледі. Олардың ішінде қозғалысқа, ойынға, қарым-қатынасқа, мойындалуға, эмоциялық қолдауға, дербестікке, өзін-өзі көрсетуге, бастама көтеруге және ұжымдық қызметке қатысуға деген қажеттіліктері назарға алынады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалар қатысқан жағдайда басым бағыт ретінде ойын, көрнекі, шығармашылық және қозғалысқа негізделген іс-әрекет түрлері, қарапайым бақылаулар, ұжымдық тапсырмалар және жасақ өміріне эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз түрде енгізу қарастырылады.

Орта мектеп жасындағы балалар қатысқан жағдайда басым бағыт ретінде командалық тапсырмалар, шығармашылық шеберханалар, экологиялық акциялар, тәжірибеге бағытталған сабақтар, зерттеу тапсырмалары, спорттық жарыстар, коммуникация мен дербестікті дамытуға бағытталған ойындар ұйымдастырылады.

Жоғары мектеп жасындағы жасөспірімдер қатысқан жағдайда басым бағыт ретінде жобалық қызмет, көшбасшылық, өзін-өзі басқару, әлеуметтік бастамалар, STEM тапсырмалары, бизнес-идеялар, көпшілік алдында сөйлеу және кіші жастағы қатысушыларға тәлімгерлік ету қарастырылады.

Тақырыптық смена тұжырымдамасы

Ауысым қатысушылардың даму бағыттары бойынша алты негізгі бағытты кезең-кезеңімен меңгеруіне негізделеді. Әр күннің өзіндік мазмұндық мақсаты бар, алайда барлық іс-шаралар жазғы қауымдастықтың белсенді, дені сау, жауапты және жасампаз мүшесін қалыптастырудың ортақ идеясына біріктіріледі.

Ауысым күндері	Мазмұндық кезең	Негізгі мазмұны
1-2 күндер	Бейімделу және команда	Келу, танысу, ережелер, қауіпсіздік, жасақтарды қалыптастыру, команда құру.
3-8 күндер	Дамудың алты бағыты	Спорттық-туристік, экологиялық, шығармашылық, технологиялық, STEM және бизнес бағыттары.
9-10 күндер	Жобалау және қорытындыны дайындау	Командалық жобалар, материалдарды рәсімдеу, репетициялар, презентацияларды дайындау.
11 күндер	Жетістіктер фестивалі	Жобаларды қорғау, көрмелер, жарыстар, шығармашылық таныстырылымдар, марапаттау.
12 күндер	Ауысымды аяқтау	Қорытынды рефлексия, сауалнама, сменаны жабу, қатысушылардың шығуы.

2-бөлім. Глоссарий

1)Бейімделу – кәмелетке толмаған балалардың ББСО/лагерь жағдайына, күн тәртібіне, жаңа іс-әрекет түрлеріне және уақытша балалар ұжымына бейімделу үдерісі.

2)Бейімделу кезеңі – қатысушылармен танысуға, ережелерді қабылдауға, сенім қалыптастыруға, эмоционалдық жайлылық пен қауіпсіз өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге бағытталған сменаның бастапқы кезеңі.

3)Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі – санитариялық, медициналық, өртке қарсы, антитеррорлық және өзге де қауіпсіздік талаптарын сақтау арқылы балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жағдайы.

4)Бизнес-бағыт – бастамашылдықты, қаржылық сауаттылықты, жобалық ойлауды, ресурстарды жоспарлау және идеяларды таныстыру дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

5)Уақытша балалар ұжымы – ББСО/лагерь сменасы кезеңіне құрылған, ортақ тұру, қарым-қатынас, демалыс және іс-әрекет жағдайларымен біріктірілген балалар тобы.

6)Тәрбиелік қызмет – құндылық бағдарларын, мінез-құлық мәдениетін, жауапкершілікті, құрметті, еңбекқорлықты және әлеуметтік белсенділікті қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған іс-шаралар жүйесі.

7)Балалардың өзін-өзі басқаруы – қатысушылар іс-шараларды жоспарлауға, өткізуге және бағалауға, рөлдерді бөлуге және ұжымдық шешім қабылдауға тартылатын балалар қызметін ұйымдастыру нысаны.

8)Салауатты өмір салты – денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған әдеттер мен ұстанымдар жиынтығы. Оның құрамына қозғалыс белсенділігі, күн тәртібі, дұрыс тамақтану, жеке гигиена және қауіпсіз мінез-құлық кіреді.

9)Командалық жұмыс – ынтымақтастыққа, өзара көмекке, рөлдерді бөлуге, пікірлерді құрметтеуге және ортақ нәтиже үшін жауапкершілікке негізделген қатысушылардың бірлескен қызметі.

10)Бағдарламаны іске асыру мониторингі – бағдарламаның орындалу барысы, қатысушылардың белсенділігі, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу және болу жағдайларының сапасы туралы ақпаратты жүйелі түрде бақылау, жинау және талдау үдерісі.

11)Білім беру қызметі – жалпы білім беру оқу бағдарламаларының мазмұнын қайталамайтын, қатысушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін, технологиялық, STEM, кәсіпкерлік, коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған дамыту, жобалық, зерттеушілік, шығармашылық және тәжірибеге бағытталған іс-шаралар жүйесі.

12)Білім беру модулі – қатысушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін, технологиялық, STEM, кәсіпкерлік, коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған бағдарламаның бөлігі.

13)Сауықтыру қызметі – балалардың физикалық және психоэмоционалдық денсаулығын нығайтуға, аурулардың алдын алуға, қозғалыс белсенділігін арттыруға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

14)Сауықтыру модулі – дене белсенділігі, профилактикалық іс-шаралар, күн тәртібін сақтау, тамақтану, су ішу режимі, психологиялық сүйемелдеу және эмоционалдық әл-ауқатты қамтамасыз ететін бағдарламаның бөлігі.

15) Ауысым жоспары (жоспар-сетка) – білім беру, тәрбиелеу және сауықтыру мазмұнын ескере отырып, смена күндері бойынша іс-шараларды бөлуді қамтитын ұйымдастырушылық құжат.

16) Тәжірибеге бағытталған сабақ – қатысушылардың шеберлік сыныптары, тренинг, зертханалық немесе практикалық жұмыс, іскерлік ойын, квест немесе нақты тапсырмаларды орындау арқылы практикалық тәжірибе алуына бағытталған сабақ.

17) Жобалық қызмет – қатысушылар идеяны әзірлеп, рөлдерді бөліп, өнім, шешім немесе бастама жасап, нәтижені таныстыратын қызметті ұйымдастыру нысаны.

18) Рефлексия – қатысушылардың алған тәжірибесін, эмоцияларын, жетістіктерін, қиындықтарын және ұжымдық қызметке қосқан үлесін ой елегінен өткізу үдерісі.

19) Спорттық-туристік бағыт – қимыл-қозғалыс ойындары, эстафеталар, жарыстар, серуендер, бағдарлау, туристік тапсырмалар және табиғатта қауіпсіз мінез-құлықты қамтитын бағыт.

20) STEM-бағыт – қарапайым тәжірибелер, бақылаулар, өлшеулер, модельдеу, құрастыру және практикалық мәселелерді шешу арқылы ғылым, технология, инженерлік ойлау және математиканы біріктіретін бағыт.

21) Шығармашылық бағыт – қатысушылардың көркем, музыкалық, театрлық, әдеби, қолданбалы және өзге де өзін-өзі көрсету түрлерімен байланысты бағыт.

22) Технологиялық бағыт – қолжетімді және қауіпсіз жұмыс түрлерін пайдалану арқылы ақпараттық, цифрлық, медиа және технологиялық сауаттылықты дамытуға бағытталған бағыт.

23) Экологиялық бағыт – табиғатқа ұқыпты қарау, экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатты қорғау дағдыларын дамыту және экологиялық бастамаларға қатысуға бағытталған бағыт.

24) Эмоционалдық әл-ауқат – баланың ұжымдағы психологиялық жайлылығы, қабылдануы, қауіпсіздігі, жағымды қарым-қатынасы және тұрақты эмоционалдық күйі.

25) «Адал азамат» – адалдықты, жауапкершілікті, еңбекке құрметті, азаматтық белсенділікті, экологиялық сананы және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік тұжырымдама.

3-бөлім. Бағыттылығы мен тақырыбы

Бағдарламаның бейіндік бағыттылығы

Бағдарлама кешенді элеуметтік-педагогикалық және білім беру-сауықтыру бағытына ие, ол тәрбиелік, спорттық-туристік, экологиялық, шығармашылық, технологиялық, STEM және бизнес мазмұнын біріктіреді.

Бағдарламаның бейіндік бағыты оқу жылынан кейін балалардың күш-қуатын қалпына келтірумен қатар, олардың практикалық өмірлік дағдыларын, зерттеушілік белсенділігін, қарым-қатынас мәдениетін, жасампаз бастамашылдығын және жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік беретін

заманауи, қолжетімді және мазмұнды жазғы демалыс моделін құру қажеттілігімен айқындалады.

Бағдарлама мазмұны жалпы білім беру оқу бағдарламаларын қайталауды көздемейді. Барлық сабақтар дамытушы, тәжірибеге бағытталған, ойын, жобалық және тәрбиелік сипатта болып, балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

Спорттық-туристік бағыт

денсаулықты нығайтуға, қозғалыс белсенділігін дамытуға, төзімділік пен үйлесімділікті арттыруға, табиғатта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және командалық рухты қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру формалары: таңғы жаттығу, эстафеталар, қимылды ойындар, спорттық турнирлер, серуендер, туристік тапсырмалар, бағдарлау, командалық маршруттар, спорттық мерекелер.

Күтілетін нәтиже: дене денсаулығының нығаюы, белсенді демалысқа қызығушылықтың артуы және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетінің қалыптасуы.

Экологиялық бағыт

экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатқа ұқыпты қарауға және адам мен қоршаған орта арасындағы өзара байланыстарды түсінуге бағытталған.

Іске асыру формалары: экологиялық серуендер, бақылаулар, эко-квесттер, тазалық акциялары, экологиялық плакаттар, ББСО/лагерь аумағын жақсартуға арналған шағын жобалар, «Таза Қазақстан» бастамалары.

Күтілетін нәтиже: экологиялық жауапкершіліктің дамуы және табиғатты қорғау қызметінің практикалық тәжірибесінің қалыптасуы.

Шығармашылық бағыт

қиялды, көркемдік талғамды, өзін-өзі еркін білдіруге деген сенімділікті және ұжымдық шығармашылыққа қабілеттілікті дамытуға ықпал етеді.

Іске асыру формалары: арт-шеберханалар, музыкалық және би қойылымдары, театрландырылған көріністер, таланттар байқауы, әдеби тапсырмалар, жасақ кеңістігін безендіру, фестивальдер.

Күтілетін нәтиже: шығармашылық әлеуеттің ашылуы, бастамашылдықтың дамуы және жағымды эмоциялық тәжірибенің қалыптасуы.

Технологиялық бағыт

ақпараттық, медиа және цифрлық мәдениетті дамытуға, ақпараттық ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және қарапайым ақпараттық өнім жасауға бағытталған.

Іске асыру формалары: цифрлық қауіпсіздік бойынша тренингтер, сменаның фотожылнамасы, жасақтың медиа-күнделігі, сұхбаттар, ақпараттық постерлер, цифрлық тепе-теңдік мәселесін талқылау, ББСО/лагерь аумағы

бойынша QR-квесттер құрастыру, ББСО/лагерьдің цифрлық картасын жасау, интерактивті презентациялар немесе онлайн-стенгазеталар әзірлеу, қысқа бейнероликтер мен подкасттар дайындау, «Лагерь жаңалықтары» медиазертханасын өткізу, инфографика жасау, бұлттық құжаттармен және бірлескен онлайн-тақталармен жұмыс, «Менің цифрлық ізі» практикумы, «Киберқауіпсіздік шынайы өмірде» ойыны, қағаз форматында немесе қолжетімді цифрлық конструкторда чат-бот құрастыру, ойын тапсырмалары арқылы алгоритмдерді модельдеу, қауіпсіз демонстрациялық тапсырмалар арқылы жасанды интеллект мүмкіндіктерімен танысу, гаджеттерді жауапты пайдалану ережелерін әзірлеу, «Технологиялар пайдалы болу үшін» цифрлық челленджі, «Ақылды лагерь» командалық жобасы, смена жетістіктерінің цифрлық портфолиосын жасау.

Техникалық мүмкіндік болған жағдайда ұйым мобильді құрылғыларды, планшеттерді, ноутбуктерді, проекторларды, интерактивті панельдерді, бірлескен жұмысқа арналған онлайн сервистерді, презентация, инфографика, аудио және бейнемазмұн жасауға арналған қосымшаларды қолдана алады. Арнайы жабдық болмаған жағдайда іс-шаралар қағаз, ойын, жобалық немесе пікірталас форматында, қолжетімді материалдарды пайдалану арқылы өткізіледі.

Күтілетін нәтиже: базалық медиасауаттылықтың қалыптасуы және технологияларға жауапты көзқарастың дамуы.

STEM-бағыт

бақылағыштықты, логикалық ойлауды, зерттеушілік қабілетті, инженерлік тәсілді және практикалық міндеттерді шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Іске асыру формалары: қолжетімді материалдармен қарапайым тәжірибелер, өлшеулер, табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау, қағаз, картон және тұрмыстық материалдардан құрастыру, математикалық ойындар, инженерлік командалық тапсырмалар, STEM-квесттер, ғылыми станциялар, «Бұл қалай жұмыс істейді?» практикумдары, «Мұнара тұрғызу», «Жұмыртқаны қорғау», «Қағаздан көпір», «Су сүзгісі», «Күн пеші», «Жел диірмені», «Праща (катапульта)», «Шарға арналған лабиринт», «Ең берік құрылым», «Ауа арқылы ұшатын ракета», «Қолда бар материалдардан сал жасақтау», «Лагерь аумағын өлшеу», «Ауа райы картасы», «Эко-зертхана», «Бізді қоршаған математика», «Лагерьге арналған инженерлік шешім» сияқты командалық тапсырмалар.

Қолайлы жағдай болған жағдайда робототехника негіздері, 3D-модельдеу, компьютерсіз бағдарламалау, визуалды кодтау, датчиктермен жұмыс, микроконтроллерлер, цифрлық өлшеу құралдары және интерактивті симуляторлар бойынша сабақтар өткізілуі мүмкін. Арнайы жабдық болмаған жағдайда STEM-тапсырмалар қағаздық модельдеу, үстел үсті тәжірибелері, табиғи бақылаулар, өлшеулер, ойындық алгоритмдер, командалық жобалау

және қолжетімді материалдар арқылы практикалық мәселелерді шешу форматында жүзеге асырылады.

Күтілетін нәтиже: ғылымға, технологияға, инженерлік шығармашылыққа және практикалық шешім іздеуге қызығушылықтың артуы.

Бизнес-бағыт

бастамашылдықты, қаржылық сауаттылықты, жауапкершілікті, жобалық ойлауды, ресурстарды жоспарлау және идеяларды таныстыру дағдыларын дамытуға бағытталған.

Іске асыру формалары: іскерлік ойындар, идеялар жәрмеңкесі, жобаның шартты бюджеті, ББСО/лагерьге арналған әлеуметтік бастама, командалық презентация, «Жоба командасы» рөлдік ойыны, «Идеядан шешімге дейін» бизнес-ойыны, «Лагерге пайдалы идея» жобалық шеберханасы, шағын стартаптар байқауы, әлеуметтік, экологиялық немесе шығармашылық бастамаларды әзірлеу, қажетті ресурстарды есептеу, қарапайым смета жасау, «Инвестор және команда» ойыны, идеяларды питчинг жасау, әлеуметтік жобалар жәрмеңкесі, «Идеяны 3 минутта таныстыру» шеберханасы, «Қолжетімді материалдардан өнім жаса» командалық тапсырмасы, жоба афишасын, слоганын және презентациясын әзірлеу, жоба командасының жұмысын модельдеу, рөлдерді бөлу («лидер — қаржыгер — дизайнер — спикер — талдаушы»), тәуекелдерді талқылау және оларды шешу жолдарын анықтау.

Қолайлы жағдай болған жағдайда презентация, инфографика жасау, есептеу, идеяны визуализациялау, онлайн дауыс беру және командалық жұмысқа арналған цифрлық құралдар қолданылуы мүмкін. Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда бағыт қағаз шаблондары, рөлдік карточкалар, ойын валютасы, плакаттар, ауызша презентациялар, командалық талқылаулар және қолжетімді материалдармен практикалық тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады.

Күтілетін нәтиже: кәсіпкерлік ойлаудың қалыптасуы, идея үшін жауапкершілік сезімінің дамуы және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларының жетілуі.

Бағдарламаның өзектілігін негіздеу

Бағдарламаның өзектілігі балалардың сауықтыру, тәрбиелеу, практикалық дағдыларын дамыту және оң әлеуметтік бейімделуді үйлестіретін қауіпсіз, мазмұнды әрі қолжетімді жазғы демалысты ұйымдастыру қажеттілігімен айқындалады.

Қазіргі балаларға қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, тірі қарым-қатынас, эмоциялық қалпына келу, дербестікті дамыту, командалық жұмыс, экологиялық жауапкершілік, технологиялық мәдениет, шығармашылық ойлау және бастамашылдық қажет. Сонымен қатар кәмелетке толмағандарда азаматтық жауапкершілік, ұлттық құндылықтарға, мәдениетке, еңбекке,

қоршаған ортаға құрмет, сондай-ақ қауіпсіз әрі жасампаз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік жұмыстың маңызы ерекше.

Бағдарлама мазмұны «Адал азамат» біртұтас тәрбиелеу бағдарламасының негізгі қағидаттарымен сәйкестендірілген, ол адал, жауапты, еңбекқор, отаншыл және әлеуметтік белсенді азаматты қалыптастыруды көздейді. Маусымдық ББСО/лагерь жағдайында бұл тәрбиелік бағдарлар ұжымдық шығармашылық істер, спорттық-туристік іс-шаралар, экологиялық бастамалар, жобалық қызмет, шығармашылық тәжірибелер, командалық жұмыс, әлеуметтік маңызы бар тапсырмалар және күнделікті өзара сыйластық мәдениеті арқылы жүзеге асырылады.

Маусымдық ББСО/лагерь бұл міндеттерді шешуге қолайлы орта болып табылады, себебі ол уақытша балалар ұжымын, күн тәртібін, ашық ауада белсенді болуды, қызмет түрлерінің алуан түрлілігін және білім, құндылық пен дағдыларды нақты жағдайларда қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Бағдарлама білім беру мен сауықтыру жүктемесінің теңгерімін қамтамасыз етеді және оның мазмұнын нақты ББСО/лагерь жағдайларына, қатысушылардың жас ерекшеліктеріне, жергілікті климаттық ерекшеліктерге, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне бейімдеу мүмкіндігін қарастырады.

Нысаналы аудиторияның сипаттамасы

Бағдарламаның мақсатты аудиториясы — маусымдық ББСО/лагерь ауысымына қатысатын, 7 жастан 17 жас аралығындағы кәмелетке толмаған балалар.

Бағдарлама қатысушылардың қызығушылықтары, дайындық деңгейі, физикалық дамуы, коммуникативтік тәжірибесі және тұлғалық ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарды ескереді. Жұмыс түрлері әрбір бала өз мүмкіндігіне сай іс-әрекетке тартылып, жетістік жағдайын сезіне алатындай етіп таңдалады.

Қажет болған жағдайда Ұйым арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жекелеген қызмет түрлерін мамандардың ұсынымдарын, медициналық көрсеткіштерді, орта мүмкіндіктерін және заңды өкілдермен келісуді ескере отырып бейімдейді.

Бағдарламаның жаңалығы және ерекшеліктері

Бағдарламаның жаңашылдығы бір 12 күндік ауысым шеңберінде даму бағыттарының алты түрін кешенді түрде біріктіруімен және екі міндетті модуль — білім беру және сауықтыру модульдерінің талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуымен сипатталады.

- мазмұнды нақты ББСО/лагерь жағдайына бейімдеу мүмкіндігі;
- бағыттарды Ұйымның қолжетімді ресурстарын пайдалана отырып жүзеге асыру;
- спорттық-туристік, экологиялық, шығармашылық, технологиялық, STEM және бизнес бағыттарын үйлестіру;
- мазмұнның тәжірибеге бағытталуы және қолжетімді материалдарға сүйенуі;

- балалар бастамашылдығын, өзін-өзі басқаруын және командалық жауапкершілігін дамыту;
- «Адал азамат» құндылықтарын нақты істер, адал бәсекелестік, еңбек, табиғатқа қамқорлық және өзара сыйластық қарым-қатынас арқылы іске асыру;
- күтілетін нәтижелердің өлшенетіндігі және ауысым қорытындысы бойынша мониторинг жүргізу мүмкіндігі.

Бағыт	Қызмет мазмұны	Іске асыру формалары	Күтілетін нәтиже
Спорттық-туристік	Қимыл-қозғалыс белсенділігі, туризм, табиғатта қауіпсіз мінез-құлық	Эстафеталар, ойындар, бағдарлау (ориентирлеу), маршруттар	Денсаулықты нығайту және командалық рухты қалыптастыру
Экологиялық	Табиғатқа және ББСО/лагерь аумағына ұқыпты қарау	Эко-квесттер, акциялар, бақылаулар, плакаттар	Экологиялық мәдениетті дамыту
Шығармашылық	Өзін-өзі көрсету, өнер, ұжымдық шығармашылық	Шеберханалар, байқаулар, қойылымдар, фестивальдер	Шығармашылық әлеуетті ашу
Технологиялық	Медиасауаттылық, цифрлық қауіпсіздік, ақпараттық өнім жасау	Постерлер, сұхбаттар, медиакүнделік, «Факт немесе фейк»	Технологиялық мәдениетті қалыптастыру
STEM	Зерттеу, өлшеу, инженерлік тапсырмалар	Тәжірибелер, бақылаулар, құрастыру, математикалық ойындар	Зерттеушілік ойлауды дамыту
Бизнес	Бастамашылдық, қаржылық сауаттылық, идеяларды таныстыру	Іскерлік ойындар, шартты бюджет, идеялар жәрмеңкесі	Жобалық және кәсіпкерлік ойлауды дамыту

4-бөлім. Мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты

Кәмелетке толмағандардың физикалық және психоэмоционалдық денсаулығын нығайтуға, сондай-ақ олардың тұлғалық, әлеуметтік,

шығармашылық, зерттеушілік, технологиялық және кәсіпкерлік құзыреттерін дамытуға бағытталған маусымдық ББСО/лагерьдің білім беру және сауықтыру ортасын қалыптастыру көзделеді. Бұл үдеріс спорттық-туристік, экологиялық, шығармашылық, технологиялық, STEM және бизнес қызмет түрлері арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ «Адал Азамат» бірыңғай тәрбиелеу бағдарламасына сәйкес құндылықтық бағдарларды қалыптастыруды қамтиды.

Бағдарлама адал, жауапты, еңбекқор, отансүйгіш, бастамашыл және әлеуметтік белсенді қатысушыны тәрбиелеуге бағытталған. Мұндай қатысушы ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, табиғатқа ұқыпты қарауға, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін сақтауға, командада жұмыс істеуге, дербестік танытуға және жасампаз қызметке белсенді қатысуға қабілетті болады.

Бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаның міндеттері білім беру және сауықтыру модульдері арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру міндеттері

1. Қатысушылардың танымдық белсенділігін, жобалық, зерттеушілік, сыни және креативті ойлауын дамыту үшін жағдай жасау.
2. Қарапайым тәжірибелер, бақылаулар, өлшеулер, модельдеу, құрастыру және практикалық тапсырмаларды орындау арқылы STEM тәсілі туралы базалық түсініктерді қалыптастыру.
3. Шығармашылық қабілеттерді, қиялды, өзін-өзі таныту дағдыларын және ұжымдық шығармашылық істерге қатысу қабілетін дамыту.
4. Цифрлық ортада қауіпсіз және жауапты мінез-құлықты қамтамасыз ете отырып, технологиялық, ақпараттық және медиасауаттылық негіздерін қалыптастыру.
5. Бастамашылдықты, қаржылық сауаттылықты, кәсіпкерлік ойлауды, ресурстарды бағалай білу және идеяларды таныстыру дағдыларын дамыту.
6. Командалық жұмыс, қарым-қатынас, көшбасшылық, өзара көмек, дербестік және жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру.
7. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтық бағдарларына сәйкес азаматтық жауапкершілік, патриотизм, ұлттық құндылықтарға, мәдениетке, еңбекке, табиғатқа және қоғамдық мүдделерге құрмет қалыптастыруға ықпал ету.
8. Ұжымдық іс-шаралар, командалық жобалар, әлеуметтік бастамалар және ББСО/лагерьдегі күнделікті өзара әрекеттесу мәдениеті арқылы адалдық, әділдік, жауапкершілік, сыйластық, еңбекқорлық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау және жасампаз мінез-құлық құндылықтарын тәжірибелік тұрғыда меңгеруді қамтамасыз ету.

Сауықтыру міндеттері

1. Қатысушылардың физикалық денсаулығын нығайтуға және қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға жағдай жасау.

2. Белсенділік, демалыс, тамақтану, ұйқы, білім беру және сауықтыру қызметтерін ұтымды түрде алмастыруды қамтамасыз ету.
3. Салауатты өмір салтына, жеке гигиенаға және қауіпсіз мінез-құлыққа тұрақты мотивация қалыптастыру.
4. Спорттық және туристік іс-шаралар арқылы төзімділікті, үйлесімділікті, ептілікті және командалық өзара әрекетті дамыту.
5. Шамадан тыс шаршаудың, эмоциялық кернеудің және конфликттік жағдайлардың алдын алу.
6. Балалардың психологиялық тұрғыдан қауіпсіз, қолдаушы және достық ортада болуын қамтамасыз ету.
7. Табиғи, тұрмыстық, спорттық, әлеуметтік және ақпараттық ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
8. Өзіне және айналасындағыларға қамқорлық жасау мәдениетін, өзара сыйластық қарым-қатынасты, денсаулыққа, күн тәртібіне, ББСО/лагерьдің ортақ кеңістігіне және бірлесіп өмір сүру ережелеріне жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал ету, бұл «Адал азамат» құндылықтарының тәжірибелік көрінісі болып табылады.

Бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері ауысым қорытындысы бойынша педагогикалық бақылау, қатысуды есепке алу, қызмет өнімдерін талдау, сауалнама жүргізу және қатысушылардың рефлексиясы негізінде өлшенетін және тексерілетін болады.

- 1) Қатысушылардың 100%-ы білім беру, тәрбиелік, спорттық-сауықтыру және бос уақытты ұйымдастыру қызметімен қамтылады.
- 2) Қатысушылардың кемінде 90%-ы спорттық-туристік іс-шараларға, қимылды ойындарға, эстафеталарға және ашық ауадағы белсенділік түрлеріне қатысады.
- 3) Қатысушылардың кемінде 85%-ы қимыл-қозғалыс белсенділігінің оң динамикасын, салауатты өмір салтына қызығушылығын және спорттық іс-шараларға қатысу белсенділігін көрсетеді.
- 4) Қатысушылардың кемінде 80%-ы экологиялық іс-шараларға, бақылауларға, акцияларға немесе шағын жобаларға қатысады.
- 5) Қатысушылардың кемінде 80%-ы шығармашылық шеберханаларға, байқауларға, фестивальдерге, қойылымдарға немесе өзге де өзін-өзі таныту формаларына тартылады.
- 6) Қатысушылардың кемінде 75%-ы технологиялық бағыттағы практикалық тапсырмаларды орындайды: постер, медиакүнделік, сұхбат, ақпараттық өнім немесе цифрлық қауіпсіздік бойынша тапсырма.
- 7) Қатысушылардың кемінде 75%-ы STEM тапсырмаларына: тәжірибелерге, өлшеулерге, бақылауларға, құрастыруға немесе командалық инженерлік міндеттерге қатысады.

- 8) Қатысушылардың кемінде 70%-ы бизнес-бағыттағы іс-шараларға іскерлік ойын, идеялар жәрмеңкесі, шартты бюджет есептеу немесе командалық бастаманы таныстыру арқылы қатысады.
- 9) Қатысушылардың кемінде 80%-ы бағдарламаның бір бағыты бойынша командалық жобаны әзірлеуге немесе таныстыруға қатысады.
- 10) Қатысушылардың кемінде 85%-ы коммуникативтік дағдылардың, командалық өзара әрекеттің, жауапкершілік пен дербестіктің оң дамуын көрсетеді.
- 11) Қатысушылардың кемінде 85%-ы уақытша балалар ұжымындағы эмоционалдық жағдайдың, бейімделудің және психологиялық жайлылықтың оң динамикасын көрсетеді.
- 12) Қатысушылардың кемінде 95%-ы ауысым мазмұнына, болу жағдайларына және іс-шараларды ұйымдастыру сапасына қанағаттанған болады.
- 13) Қатысушылардың 100%-ы қауіпсіз болу жағдайымен, медициналық сүйемелдеумен, психологиялық-педагогикалық қолдаумен және толыққанды демалыс пен сауықтыруға арналған жағдайлармен қамтамасыз етіледі.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаны іске асыру өзара байланысты екі модуль арқылы жүзеге асырылады: білім беру модулі және сауықтыру модулі.

Модульдер қатысушылардың күнделікті қызметіне кіріктірілген және баланың тұлғалық дамуын кешенді түрде қамтамасыз етеді, яғни білім беру, тәрбиелеу, шығармашылық, жобалық, спорттық, туристік, экологиялық және сауықтыру іс-әрекеттерін ұштастырады.

Модульдердің мазмұны кәмелетке толмағандардың жас, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, ауысымның ұзақтығын, Ұйымның жұмыс режимін, тұру және тамақтану жағдайларын, медициналық сүйемелдеуді және қауіпсіздік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

1. Білім беру модулі

Білім беру модулі қатысушылардың танымдық белсенділігін, жобалық және зерттеушілік ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, технологиялық сауаттылығын, қаржылық және кәсіпкерлік мәдениетін, коммуникативтік және көшбасшылық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Маусымдық ұйымның білім беру модулінің мазмұны қызығушылық бойынша үйірмелер мен секциялар арқылы жүзеге асырылатын дамытушы сабақтарды, жобалық, зерттеушілік және шығармашылық қызметті, сондай-ақ шеберлік сабақтары, тренингтер, зертханалық және практикалық жұмыстар түріндегі практикалық-бағдарлы сабақтарды және тәрбиелік іс-шаралар мен жобаларды қамтиды.

Ауысымның әрбір күні аясында білім беру модулі шеңберінде кемінде екі дамытушы, жобалық, зерттеушілік немесе шығармашылық сабақ, кемінде екі

практикалық-бағдарлы сабақ, сондай-ақ кемінде екі тәрбиелік іс-шара немесе жоба өткізу көзделеді.

Білім беру модулінің бағыттары

Бағыт	Мазмұны	Іске асыру формалары	нәтижесі
Спорттық-туристік	Командалық өзара әрекет, бағдарлау, қауіпсіз мінез-құлық, белсенді демалыс дағдылары	Маршруттар, туристік тапсырмалар, эстафеталар, спорттық станциялар	Қауіпсіз белсенділік пен командалық қолдау тәжірибесі
Экологиялық	Табиғатты бақылау, экологиялық жауапкершілік, абаттандыру	Эко-квесттер, акциялар, плакаттар, шағын зерттеулер	Табиғатқа және ББСО/лагерь аумағына ұқыпты қарау
Шығармашылық	Өзін-өзі таныту және ұжымдық шығармашылық	Арт-шеберханалар, театр, музыка, би, таланттар байқауы	Шығармашылық әлеуетті ашу
Технологиялық	Ақпараттық мәдениет, медиасауаттылық, цифрлық қауіпсіздік	Фактчекинг, сұхбат, медиакүнделік, постерлер	Ақпаратқа қауіпсіз және жауапты қатынас
STEM	Зерттеу, логика, құрастыру, қарапайым тәжірибелер	Бақылау, өлшеу, инженерлік тапсырмалар, модельдер	Зерттеушілік және инженерлік ойлауды дамыту
Бизнес	Бастамашылдық, қаржылық сауаттылық, идеяларды таныстыру	Идеялар жәрмеңкесі, шартты бюджет, командалық жоба	Кәсіпкерлік және жобалық ойлауды дамыту

2. Сауықтыру модулі

Сауықтыру модулі қатысушылардың физикалық және психоэмоционалдық денсаулығын нығайтуға, аурулардың алдын алуға, салауатты өмір салтының тұрақты дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ күн тәртібінің, демалыстың, тамақтанудың және эмоционалдық әл-ауқаттың оңтайлы ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сауықтыру модулі дене белсенділігіне арналған іс-шараларды, Ұйымның жағдайлары мен медициналық көрсеткіштерін ескере отырып балаларды шынықтыруды, аурулардың алдын алуды, дұрыс тамақтану мен су ішу режимін сақтауды, күн тәртібі мен демалыстың үйлесімді ұйымдастырылуын, сондай-ақ балалардың психологиялық сүйемелденуі мен эмоционалдық жай-күйін қолдауды қамтиды.

Сауықтыру модулінің жалпы көлемі күніне 3 академиялық сағаттан аспайды. Сауықтыру іс-шараларының көлемі мен қарқындылығы білім беру жүктемесімен үйлестіріледі және ауысым бойы біркелкі бөлінеді.

Сауықтыру модулінің бағыты	Мазмұны	Іске асыру формалары	Нәтиже
Дене белсенділігі	Қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту және денсаулықты нығайту	Таңғы жаттығу, қимылды ойындар, эстафеталар, серуендер	Қимыл-қозғалыс белсенділігінің артуы
Алдын алу және салауатты өмір салты	Пайдалы әдеттерді, жеке гигиенаны және күн тәртібін қалыптастыру	Әңгімелер, практикалық жадынамалар, күн тәртібін бақылау	Салауатты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары
Тамақтану және су ішу режимі	Тамақтану тәртібін сақтау және ауызсуға қолжетімділік	Ақпараттық минуттар, су ішу режимін бақылау	Тамақ пен суға саналы көзқарас қалыптастыру
Эмоционалдық әл-ауқат	Кернеуді азайту және бейімделуді қолдау	Отрядтық оттар, рефлексия, сенім ойындары, әңгімелер	Психологиялық жайлылық
Қауіпсіздік	Жарақаттың және қауіпті мінез-құлықтың алдын алу	Нұсқамалар, сүйемелдеу, іс-шара ережелері	Тәуекелдердің азаюы және ережелерді сақтау

Ауысым мазмұнына модульдердің интеграциясы

Білім беру және сауықтыру модульдері өзара байланыста жүзеге асырылады. Білім беру, шығармашылық, зерттеу, технологиялық және жобалық іс-шаралар белсенді демалыс, спорттық және туристік іс-шаралар, серуендеу, тамақтану, тынығу және рефлексиямен кезектесіп отырады. Бұл зияткерлік, эмоционалдық және физикалық жүктеменің теңгерімін қамтамасыз етеді.

12 күндік ауысымның үлгілік жоспар-кестесі

Күн	Күн тақырыбы	Педагогикалық міндет	Қорытынды өнім, нәтиже
1	«Бастау» ауысымның ашылуы	Бейімделу, қауіпсіздік, ББСО/лагерьмен және ережелермен танысу	Жасақ ережелері, атауы және ұраны
2	«Бір командамыз» команда күні	Уақытша балалар ұжымын қалыптастыру	Жасақ визиткасы, рөлдерді бөлу
3	«Қозғалыс және маршрут» спорттық-туристік күн	Қозғалыс белсенділігін және қауіпсіз мінез-құлықты дамыту	Маршрут картасы/командалық маршрут
4	«Таза әлем» экологиялық күн	Экологиялық мәдениетті қалыптастыру	Эко-плакат немесе экологиялық бастама
5	«Шығармашылық алаңы» шығармашылық күн	Шығармашылық өзін-өзі таныту қабілетін дамыту	Шығармашылық нөмір немесе көрме
6	«Технология және қауіпсіздік» - технологиялық күн	Медиасауаттылық пен цифрлық қауіпсіздікті дамыту	Медиакүнделік, сұхбат немесе постер
7	«STEM зертхана» - ғылым және инженерлік ойлау күні	Зерттеушілік ойлауды дамыту	Модель, тәжірибе немесе инженерлік шешім
8	«Идеядан жобаға» - бизнес-идеялар күні	Бастамашылдық пен қаржылық сауаттылықты дамыту	Командалық бизнес/элеуметтік идея
9	«Жоба күні» жобалау күні	Қорытынды жобаларды дайындау	Командалық жобаның қара нұсқасы
10	«Бірлік және дайындық» дайындық күні	Жобаларды жетілдіру және репетиция	Дайын презентация/көрме
11	«Жетістік фестивалі» жетістіктер фестивалі	Ауысым нәтижелерін таныстыру	Жобаларды қорғау, фестиваль, марапаттау
12	«Қоштасу күні» ауысымның жабылуы	Рефлексия, қорытынды шығару, шығу	Қорытынды сауалнама, сертификаттар, жабылу рәсімі

Ауысымның күндер бойынша егжей-тегжейлі мазмұны

1-күн. «Бастау» – ауысымның ашылу күні

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • ББСО/лагерь аумағымен және болу ережелерімен танысу. • «Мен жаңа ұжымдамын» дамыту ойыны: танысу, қызығушылықтар, күтілімдер.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық ережелер және күн тәртібі бойынша нұсқамалар. • «Біздің жасақ» практикалық жұмысы: атауы, ұраны, символы, өзара әрекеттесу ережелері.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Ауысымның салтанатты ашылуы. • «Ауысымнан күтетінім» атты кешкі рефлексия.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> • Таңғы/бейімделу жаттығулары, аумақ бойынша серуен, танысуға арналған қозғалмалы ойындар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Жасақтар қалыптастырылды, қатысушылар ережелермен танысты және ұжымға бейімделді.

2 день. «Біркомандамыз» - команда күні

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Команда деген не және командадағы рөлдер» дамыту сабағы. • Коммуникация мен сенімге арналған командалық ойын.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Жасақ ішіндегі рөлдерді бөлу тренингі. • «Ортақ шешімді қалай қабылдаймыз» практикумы.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Ұжымдағы құрмет пен жауапкершілік» тәрбиелік іс-шарасы. • Жасақ визиткаларын таныстыру кеші.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> • Таңғы жаттығу, спорттық эстафета, ұжымдық біріктіру ойындары.
Күннің күтілетін нәтижесі	Қатысушылар командалық жұмыс ережелерін меңгеріп, жасақ визиткасын дайындады.

3 күн. «Қозғалыс және маршрут» - спорттық-туристік күн

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Табиғатта және маршрутта қауіпсіздік» дамыту сабағы. • «Туристік белгілер, маршрут және бағдарлар» танымдық сабағы.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Шартты туристік жиынтықты жинау практикумы. • ББСО/лагерь аумағында командалық бағдарлау немесе маршруттық ойын.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Адал бәсекелестік және өзара көмек» тәрбиелік әңгіме. • «Бүгін мен кімді қолдадым» командалық рефлексиясы.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> • Таңғы жаттығу, эстафеталар, қозғалмалы ойындар, серуен немесе туристік маршрут.
Күннің күтілетін нәтижесі	Қауіпсіз мінез-құлықтың және командалық өзара қолдаудың бастапқы дағдылары қалыптастырылды.

4 күн. «Таза әлем» - экологиялық күн

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Экологиялық мәдениет және жауапкершілік» дамыту сабағы. • ББСО/лагерь аумағындағы табиғи нысандарды бақылау.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Лагерьдің экологиялық картасы» практикалық жұмысы. • Аумақты абаттандыруға арналған эко-акция немесе шағын жоба.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Таза Қазақстан: менің үлесім» тәрбиелік іс-шарасы. • Экологиялық идеялар мен плакаттар кеші.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> • Ашық ауадағы таңғы жаттығу, экологиялық серуен, «Жасыл маршрут» қозғалмалы ойыны.
Күннің күтілетін нәтижесі	Қатысушылар экологиялық бастама немесе плакат әзірледі.

5 күн. «Шығармашылық алаңы» - шығармашылық күн

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Идея, бейне, орындау» дамыту сабағы. • Таңдау бойынша шығармашылық зертхана: музыка, театр, би, сурет, қолданбалы өнер.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Сахналық немесе көркем өнім жасау бойынша шеберлік сабағы. • Көпшілік алдында сөйлеу және мәнерлі сөйлеу практикумы.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Басқаның таланты мен еңбегіне құрмет» тәрбиелік әңгіме. • Шығармашылық кеш немесе таланттар байқауы.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> • Таңғы жаттығу, би жаттығуы, эмоционалдық сергітуге арналған қозғалмалы ойындар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Шығармашылық жұмыстар, нөмірлер немесе ұжымдық қойылымдар дайындалды.

6 күн. «Технология және қауіпсіздік» - технологиялық күн

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Ақпарат, медиа және цифрлық қауіпсіздік» дамыту сабағы. • «Факт немесе фейк» ойыны: ақпарат пен дереккөздерді тексеру.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Қауіпсіз мінез-құлық туралы ақпараттық постер» практикалық жұмысы. • Ұйымның қолжетімді құралдарын пайдалана отырып жасақтың сұхбаты немесе медиакүнделігі.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Цифрлық және нақты ортадағы жауапкершілік» тәрбиелік іс-шарасы. • «Тірі қарым-қатынас» кеші: цифрлық балансты талқылау.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> • Таңғы жаттығу, гаджетсіз спорттық ойын, серуен, коммуникациялық жаттығулар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Технологиялық мәдениет немесе қауіпсіздік тақырыбы бойынша ақпараттық өнім дайындалды.

7 күн. «STEM зертхана» - ғылым және инженерлік ойлау күні

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> «Бақылау, гипотеза, тәжірибе, қорытынды» дамыту сабағы. Математикалық немесе логикалық командалық ойын.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> Қолжетімді және қауіпсіз материалдармен қарапайым тәжірибелер. Инженерлік практикум: қағаз, картон немесе колда бар материалдардан модель құрастыру.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> «Ғылым, еңбек және нәтижеге жауапкершілік» тәрбиелік іс-шарасы. «Бізге не шықты және неге» рефлексиясы.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> Таңғы жаттығу, белсенді үзіліс, үйлесім мен зейінді дамытуға арналған командалық ойындар.

8 күн. «Идеяданжобаға» - день бизнес-идеяларкүні

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> «Идея, ресурс және пайда деген не» дамыту сабағы. Қаржылық сауаттылық негіздері бойынша сабақ: жобаның шартты бюджеті.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> «Жоба командасы» іскерлік ойыны. «Идеялар жәрмеңкесі» практикумы: пайда, ресурстар, тәуекелдер және нәтиже сипаттамасы.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> «Ортақ істегі адалдық, еңбек және жауапкершілік» тәрбиелік іс-шарасы. Қысқа бизнес немесе әлеуметтік идеялардың презентациясы.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> Таңғы жаттығу, спорттық үзіліс, стратегия мен өзара әрекеттесуге арналған командалық ойын.
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	Командалар жобалық немесе кәсіпкерлік идеяны әзірледі.

9 күн. «Жобакүні» - жобалаукүні

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Жобаны қалай рәсімдеу: мақсат, міндеттер, кадамдар, нәтиже» дамыту сабағы. • Таңдалған бағыттар бойынша жобалық кеңес беру.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Қорытынды өнімді дайындауға арналған практикалық жұмыс. • Презентация тренингі: сөйлеу құрылымын құру және рөлдерді бөлу.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Ортақ нәтижеге менің үлесім» тәрбиелік іс-шарасы. • Жобалық командалар кеші және кері байланыс алмасу.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> • Таңғы жаттығу, серуен, шаршаудың алдын алуға арналған белсенді ойын.
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	Қорытынды жобалардың бастапқы нұсқалары дайындалды.

10 күн. «Бірлік және дайындық» - дайындық әне бірлік күні

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Жақсы презентацияның критерийлері» дамыту сабағы. • Көрмелік, жобалық және сахналық материалдарды шығармашылық тұрғыда жетілдіру.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Жобаны қорғау репетициясы практикумы. • Стендтер, плакаттар, модельдер немесе сценарийлерді рәсімдеу бойынша практикалық жұмыс.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Мадақтау мен алғыс айту мәдениеті» тәрбиелік іс-шарасы. • «Команда маған не үйретті» рефлексиясы.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> • Таңғы жаттығу, достық эстафеталар, эмоционалдық босансуға арналған жаттығулар.
Дамытушылық / жобалық	Қорытынды материалдар презентацияға дайын.

/ зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	
---	--

11 күн. «Жетістік фестивалі» - жетістіктер фестивалі

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Шешімдер көрмесі» дамыту алаңы: басқа командалардың жобаларымен танысу. • Ауысым бағыттары бойынша зияткерлік-шығармашылық викторина.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Командалық жобаларды практикалық қорғау. • Шығармашылық, STEM, экологиялық, технологиялық және бизнес бағыттарындағы өнімдердің практикалық таныстырылымы.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Адал азамат: жауапкершілік, құрмет, жасампаздық» атты қорытынды тәрбиелік іс-шара. • Қатысушылардың жетістіктерін мойындау және алғыс білдіру рәсімі.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	<ul style="list-style-type: none"> • Таңғы жаттығу, спорттық-шығармашылық фестиваль, қозғалмалы ойындар.
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	Жобалардың таныстырылымы өткізіліп, жетістіктер фестивалі ұйымдастырылды.

12 күн. «Қоштасу күні» - ауысымның жабылуы

Күннің компоненті	Мазмұны
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • «Ауысым барысында мен нені үйрендім?» атты дамыту сабағы-рефлексия. • «Лагерьден кейінгі менің келесі қадамым» атты жеке тапсырма.
Практикаға бағытталған сабақтар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Қатысушының қорытынды сауалнамасы мен өзін-өзі бағалауы. • Жеке нәтижені рәсімдеу бойынша практикалық жұмыс: жетістіктер картасы немесе өзіне хат жазу.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	<ul style="list-style-type: none"> • Ауысымның салтанатты жабылуы. • Алғыс айтуға арналған қоштасу шеңбері және қауіпсіз, ұйымдастырылған түрде қатысушылардың тарауы.

Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағатқа дейін)	• Жеңіл таңғы жаттығу, серуен, тыныш ойындар, эмоциялық сергіту іс-шаралары.
Дамытушылық / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	Қатысушылар ауысымның қорытындысын шығарып, сауалнамадан өтті және ауысымды жағымды әсермен аяқтау тәжірибесін алды.

Жазғы маусымның негізгі іс-шаралары

1. «Бастау» бейімдеу ойыны – танысу, ережелерді қабылдау, жасақтарды қалыптастыру.
2. «Бір командамыз» командалық тренингі – сенімді, құрметті және өзара әрекеттестікті дамыту.
3. «Қозғалыс және маршрут» спорттық-туристік маршруты – қозғалмалы ойындар, бағдарлау, туристік тапсырмалар.
4. «Таза әлем» экологиялық квесті – бақылау, экостанциялар, тазалық акциясы.
5. «Шығармашылық алаңы» шығармашылық шеберханасы – ұжымдық шығармашылық пен өзін-өзі таныту.
6. «Қауіпсіз ақпарат» технологиялық алаңы – медиасауаттылық, цифрлық қауіпсіздік, ақпараттық постер әзірлеу.
7. «Зертхана» STEM-челленджі – тәжірибе жасау, модель құрастыру, инженерлік тапсырмаларды орындау.
8. «Идеядан жобаға» іскерлік ойыны – шартты бюджет құру, ресурстарды жоспарлау, идеяны таныстыру.
9. «Жоба күні» жобалық шеберханасы – қорытынды жобаларды әзірлеу.
10. «Жетістік фестивалі» – жобаларды таныстыру, көрмелер ұйымдастыру, марапаттау рәсімі.
11. «Менің жазғы даму жолым» қорытынды рефлексиясы – өзін-өзі бағалау, алғыс білдіру, алдағы даму жоспарларын анықтау.

6-бөлім. Бағдарламаны іске асыру шарттары

Осы бөлімде материалдық-техникалық жағдайлар, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес тұру жағдайлары, күн тәртібін, тамақтануды және демалысты ұйымдастыру, медициналық сүйемелдеу мен профилактикалық іс-шаралар, кәметке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде өртке қарсы және терроризмге қарсы қауіпсіздік шаралары, жергілікті жердің климаттық және табиғи ерекшеліктерін ескеру, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қатысқан жағдайда олар үшін ортаның қолжетімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері сипатталады.

Ұйымдастырушылық шарттар

Қатысушылардың қызметі күн тәртібіне, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, тіршілік қауіпсіздігі талаптарына, кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктеріне және ауысым мазмұнына сәйкес ұйымдастырылады.

Жасақтарды қалыптастыру қатысушылардың жасын, тұру жағдайларын, педагогикалық орындылығын, психологиялық үйлесімділігін және қауіпсіздік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Ауысым барысында білім беру, тәрбиелік, шығармашылық, жобалық, спорттық, туристік, сауықтыру және бос уақытты ұйымдастыру қызметтерінің ұтымды кезектесуі қамтамасыз етіледі.

Ұйым жергілікті жағдайларды, климаттық ерекшеліктерді, инфрақұрылымды, медициналық ұсынымдарды және қатысушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күн тәртібін дербес айқындайды және нақтылайды.

Материалдық-техникалық жағдайлар

Бағдарламаны іске асыру үшін Ұйымның қолда бар ресурстары пайдаланылады: ғимараттар мен үй-жайлар, ашық алаңдар, табиғи орта, спорттық құрал-жабдықтар, кеңсе тауарлары мен қолжетімді материалдар, ақпараттық стендтер, сондай-ақ болған жағдайда техникалық құралдар.

- қатысушыларды орналастыруға арналған тұрғын үй-жайлар;
- асхана немесе тамақтандырудың өзге де ұйымдастырылған жүйесі;
- медициналық пункт немесе медициналық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге арналған жағдайлар;
- спорттық, ойын немесе ашық алаңдар;
- топтық, шығармашылық және жобалық жұмыстарды өткізуге арналған үй-жайлар немесе қауіпсіз кеңістіктер;
- кеңсе тауарлары, қағаз, картон, маркерлер, флипчарттар, табиғи және қолда бар материалдар;
- қолда бар спорттық және ойын құрал-жабдықтары;
- ақпараттық стендтер;
- болған жағдайда компьютерлерді, проекторларды, дыбыс күшейткіш жабдықтарды немесе мобильді құрылғыларды қамтитын қолжетімді техникалық құралдар, оларды міндетті түрде пайдаланусыз.

Санитариялық-гигиеналық жағдайлар

Қатысушылардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылады. Қауіпсіз тұру жағдайлары қамтамасыз етіледі, тамақтану сапасына бақылау жүргізіледі, ауызсу режимі сақталады, жеке бас гигиенасы нормаларының орындалуы қамтамасыз етіледі, үй-жайларды желдету мен

санитариялық өңдеу жүзеге асырылады, медициналық бақылау және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Күн тәртібін, тамақтануды және демалысты ұйымдастыру

Күн тәртібі ұйқының, тамақтанудың, білім беру іс-шараларының, сауықтыру белсенділігінің, демалыстың, серуендердің, бос уақыттың, кешкі іс-шаралардың және рефлексияның ұтымды кезектесуін көздейді. Тамақтану балалардың жас ерекшеліктеріне, ББСО/лагерьде болу режиміне және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес белгіленген нормалар негізінде ұйымдастырылады. Ауызсу режимі күн бойы үздіксіз қамтамасыз етіледі.

Күн тәртібінің элементі	Үлгілік мазмұны
Таңертең	Ояну, гигиеналық рәсімдер, таңғы жаттығу, таңғы ас, сапқа тұру немесе отряд жиыны.
Күннің бірінші жартысы	Дамытушы және практикалық бағыттағы сабақтар, жобалық немесе зерттеу қызметі.
Күндіз	Түскі ас, демалыс, тынығу уақыты немесе тыныш іс-әрекет.
Күннің екінші жартысы	Практикалық сабақтар, спорттық, туристік, экологиялық немесе шығармашылық іс-шаралар.
Кешкі уақыт	Мәдени-демалыстық немесе тәрбиелік іс-шара, рефлексия, ұйқыға дайындық

Медициналық сүйемелдеу және профилактикалық іс-шаралар

Медициналық сүйемелдеу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес медицина қызметкерлерімен жүзеге асырылады. Бағдарлама шеңберінде қатысушылардың денсаулық жағдайын бақылау, шамадан тыс шаршаудың алдын алу, олардың хал-жағдайын қадағалау, жоғары қозғалыс белсенділігін талап ететін іс-шараларды медициналық сүйемелдеу, сондай-ақ медициналық көрсетілімдерді ескере отырып балаларға рұқсат етілетін жүктеме туралы педагогтерді хабардар ету қарастырылады.

Кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету

Қатысушылардың қауіпсіздігі Бағдарламаны іске асырудың міндетті шарты болып табылады. Ұйымда аумаққа кіруді бақылау, қатысушыларды педагог қызметкерлердің сүйемелдеуі, экскурсиялар, орманға, тауға, су айдындарына серуендеу және басқа да іс-шаралар кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар өткізу, өрт қауіпсіздігі мен терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтау, сондай-ақ спорттық, туристік, шығармашылық, практикалық және өзге де іс-шараларды қауіпсіз ұйымдастыру қамтамасыз етіледі.

Жергілікті жердің климаттық және табиғи ерекшеліктерін ескеру

Іс-шараларды жоспарлау кезінде жергілікті жердің климаттық, табиғи және аумақтық ерекшеліктері ескеріледі. Ыстық, желді, жаңбырлы немесе өзге де қолайсыз ауа райы жағдайларында іс-шаралар қауіпсіз жабық үй-жайларға ауыстырылады немесе мазмұны жағынан баламалы қызмет түрлерімен алмастырылады.

Ашық ауада болу, суға шомылу, тауда, орманда және өзге де табиғи ортада өткізілетін іс-шаралардың ұзақтығы ауа райы жағдайларын, балалардың жас ерекшеліктерін және медициналық ұсынымдарды ескере отырып реттеледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ортаның қолжетімділігі мен қауіпсіздігі

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қатысқан жағдайда Ұйым қолда бар мүмкіндіктер шегінде ортаның қолжетімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, қатысу нысандарын бейімдейді, жеке педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырады, сондай-ақ мамандардың ұсынымдарын, медициналық көрсетілімдерді және заңды өкілдер ұсынған ақпаратты ескереді.

7-бөлім. Кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету

Кадрлық қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асыруды Ұйымның педагогикалық, медициналық, әкімшілік және өзге де қызметкерлері қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны жүзеге асыруға Ұйым басшысы, басшының орынбасары немесе тәрбие жұмысына жауапты тұлға, әдіскер (болған жағдайда), тәрбиешілер, вожатыйлар, қосымша білім беру педагогтері (болған жағдайда), дене шынықтыру-сауықтыру қызметіне жауапты нұсқаушы немесе маман, медицина қызметкері, педагог-психолог (болған жағдайда), сондай-ақ тамақтандыруды, тұруды, қауіпсіздікті және шаруашылық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін қызметкерлер тартылады.

Бағдарлама бағыттарының мазмұны педагог қызметкерлер арқылы қолжетімді жұмыс формалары: ойындар, практикумдар, бақылаулар, мастер-кластар, жобалық тапсырмалар, іскерлік ойындар және командалық презентациялар арқылы іске асырылады. Тиісті мамандар болған жағдайда, Ұйым қатысушыларға түсетін рұқсат етілген жүктемені арттырмай, жекелеген бағыттардың мазмұнын кеңейтуге құқылы.

Функционалдық міндеттер

Бағдарламаны іске асыруға қатысушы	Негізгі функциялары
Ұйым басшысы	Бағдарламаны іске асыруға жалпы басшылық жасау, қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, қауіпсіздікті бақылау, қызметкерлер жұмысын үйлестіру.
Басшының орынбасары /	Тәрбие және білім беру қызметін үйлестіру,

Бағдарламаны асыруға қатысушы іске	Негізгі функциялары
жауапты тұлға	жоспар-сетканың орындалуын бақылау, ауысым қорытындыларын ұйымдастыру.
Әдіскер (болған жағдайда)	Әдістемелік сүйемелдеу, материалдар дайындау, педагогтерге кеңес беру, Бағдарламаның іске асырылуын талдау.
Тәрбиешілер мен тәлімгерлер	Жасақтарды сүйемелдеу, күнделікті қызметті ұйымдастыру, іс-шаралар өткізу, тәртіп пен психологиялық ахуалды қолдау.
Спорттық қызметке жауапты маман	Қатысушылардың жас ерекшеліктері мен қауіпсіздігін ескере отырып, таңғы жаттығу, ойындар, эстафеталар, туристік және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру.
Медицина қызметкері	Медициналық бақылау, аурулардың алдын алу, алғашқы медициналық көмек көрсету, санитариялық-гигиеналық жағдайлар мен балалардың денсаулық жағдайын қадағалау.
Педагог-психолог (болған жағдайда)	Бейімделуге қолдау көрсету, жанжалдардың алдын алу, эмоционалдық жағдайды бақылау, педагогтерге консультация беру.

Әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі ауысым мазмұнын сапалы іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық, дидактикалық, нұсқаулық және диагностикалық материалдар жүйесін білдіреді.

- 12 күндік ауысымға арналған жоспар-сетка;
- іс-шаралар, ойындар, квесттер, шеберлік сыныптар және тренингтердің сценарийлері;
- спорттық-туристік, экологиялық, шығармашылық, технологиялық, STEM және бизнес бағыттары бойынша тапсырмалар карточкалары;
- қауіпсіздік бойынша нұсқаулық материалдар;
- салауатты өмір салты, ауызсу режимі, жеке гигиена, цифрлық қауіпсіздік және экологиялық мәдениет жөніндегі жадынамалар;
- педагогикалық бақылау карталары;
- қатысушылар мен ата-аналарға арналған сауалнамалар;
- жобалық паспорттар, презентациялар, постерлер және рефлексия парақтарының үлгілері;
- балалардың өзін-өзі басқаруын және командалық жұмысты ұйымдастыруға арналған материалдар.

Қолданылатын әдістемелер, технологиялар және жұмыс формалары

Бағдарламаны іске асыру барысында ойын технологиялары, жобалық, зерттеушілік, тренингтік, денсаулық сақтау, коммуникативтік, шығармашылық, интерактивті және практикалық-бағдарланған педагогикалық технологиялар қолданылады.

Негізгі жұмыс формаларына сабақтар, шеберлік сыныптар, практикумдар, квесттер, ойындар, тренингтер, әңгімелесулер, жарыстар, шығармашылық шеберханалар, бақылаулар, жобалық сессиялар, презентациялар, рефлексиялық шеңберлер және фестивальдер жатады.

8-бөлім. Іске асыру нәтижелерін мониторингтеу және бағалау

Осы бөлім Бағдарламаны іске асырудың ағымдағы және қорытынды мониторингін жүргізу нысандарын, күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді бағалау көрсеткіштері мен критерийлерін, ақпарат жинау және талдау әдістерін (бақылау, сауалнама жүргізу, қатысуды және қызмет өнімдерін талдау) айқындайды, сондай-ақ мониторинг нәтижелерін Бағдарламаны түзету кезінде ескеру тәртібін белгілейді.

Мониторингке жалпы тәсілдер

Бағдарламаны іске асыру мониторингі ауысым қатысушыларының білім беру, тәрбиелік, спорттық-сауықтыру, шығармашылық, жобалық және бос уақытты ұйымдастыру қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін білдіреді.

Мониторинг ауысым бойы жүзеге асырылады және Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу деңгейін, қатысушылардың тартылу дәрежесін, эмоционалдық әл-ауқатын, командалық өзара әрекеттесу сапасын, режим мен қауіпсіздік талаптарының сақталуын, сондай-ақ қатысушылардың болу жағдайлары мен іс-шаралар мазмұнына қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталады.

Мониторинг нәтижелері іс-шараларды жедел түзету, қатысушыларға жеке қолдау көрсету, келесі ауысымдардың мазмұнын жетілдіру және Бағдарламаны іске асыру сапасын арттыру үшін пайдаланылады.

Мониторингтің нысандары мен әдістері

- педагогикалық бақылау;
- қатысушылармен әңгімелесу;
- рефлексиялық шеңберлер және «отырғыш шеңберлері»;
- қатысушыларға сауалнама жүргізу;
- ата-аналардан немесе заңды өкілдерден кері байланыс алу;
- балалардың іс-шараларға қатысуын талдау;
- командалық және жеке өнімдерді бағалау;
- қатысушылардың өзін-өзі бағалауы;
- педагогикалық ұжымның қорытынды талқылауы.

Нәтижелерді мониторингтеу және бағалау кестесі

Мониторинг	Бағалау	Әдістер	Бағалау	Жауаптыла
------------	---------	---------	---------	-----------

бағыты	критерийлері		деңгейі	р
Қатысушылардың бейімделуі	Тартылуы, эмоционалдық жағдайы, ережелерді сақтау	Бақылау, әңгімелесу, рефлексия	1–3 төмен; 4–7 орташа; 8–10 жоғары	тәлімгерлер, тәрбиешілер, психолог (болған жағдайда)
Білім беру қызметі	Сабақтарға, жобаларға, практикумдарға қатысу	Бақылау, жұмыстарды талдау	1–3 енжар; 4–7 тұрақты; 8–10 бастамашы	Педагогтер, әдіскер
Спорттық-туристік бағыт	Қатысу, қауіпсіздік сақтау, командалық жұмыс	Бақылау, ойындарға қатысу	1–3 белсенділігі төмен; 4–7 тұрақты; 8–10 жоғары	Спортқа жауапты, тәлімгерлер
Экологиялық бағыт	Акцияларға қатысу, табиғатқа ұқыпты қарау	Бақылау, бастамаларды талдау	1–3 эпизодтық; 4–7 тұрақты; 8–10 бастамашы	Педагогтер, тәлімгерлер
Шығармашылық бағыт	Шеберханаларға, байқауларға қатысу, өзін-өзі таныту	Жұмыстарды талдау, бақылау	1–3 төмен; 4–7 жеткілікті; 8–10 белсенді	Тәлімгерлер, педагогтер
Технологиялық бағыт	Цифрлық қауіпсіздік пен ақпараттық мәдениетті түсіну	Практикалық тапсырмалар, әңгімелесу	1–3 базалық; 4–7 жеткілікті; 8–10 сенімді	Педагогтер, тәлімгерлер
STEM бағыты	Тәжірибелерге, бақылауға, модельдеуге қатысу	Тапсырмаларды талдау, презентациялар	1–3 ішінара; 4–7 тұрақты; 8–10 бастамашы	Педагогтер
Бизнес бағыты	Іскерлік ойындарға,	Жобаларды талдау,	1–3 ішінара; 4–	Педагогтер, әдіскер

	идея әзірлеуге және таныстыруға қатысу	бақылау	7 жеткілікті; 8–10 белсенді	
Командалық дағдылар	Бінтымақтастық, өзара көмек, жауапкершілік	Бақылау, рефлексия	1–3 қолдауды қажет етеді; 4–7 дамуда; 8–10 айқын көрінеді	тәлімгерлер, тәрбиешілер
Эмоционалдық әл-ауқат	Көңіл күй, жайлылық, қақтығыстардың азаюы	Әңгімелесу, рефлексия, бақылау	1–3 мазасыз; 4–7 тұрақты; 8–10 жайлы	тәлімгерлер, психолог (болған жағдайда)
Қанағаттану деңгейі	Ауысымға, жағдайларға және іс-шараларға көзқарас	Сауалнама, кері байланыс	1–3 төмен; 4–7 жеткілікті; 8–10 жоғары	Әкімшілік, әдіскер

Мониторинг нәтижелерін есепке алу тәртібі

Ағымдағы мониторинг қорытындылары бойынша педагогикалық команда іс-шараларды ұйымдастыруға, жүктемені бөлуге, қатысушыларға қолдау көрсету нысандарына және ауысымның келесі күндерінің мазмұнына жедел түзетулер енгізеді. Ауысым аяқталғаннан кейін мониторинг нәтижелері жинақталып, келесі ауысымдарды жоспарлау, әдістемелік материалдарды жаңарту және Бағдарламаны жетілдіру барысында пайдаланылады.

9-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Нормативтік құқықтық актілер

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
- 3) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
- 4) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі.
- 5) «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;
- 6) Кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының кәмелетке

толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламаларын келісу жөніндегі консультативтік-кеңесші орган туралы ереже;

7) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 7 қазандағы № 237 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында балалардың сауықтыруы мен демалысын ұйымдастыру қағидалары;

8) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан басқа, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

9) «Балаларды сауықтыру және санаторийлік объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығымен бекітілген;

10) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығымен бекітілген дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары;

11) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;

12) Кәмелетке толмағандардың демалысын, сауықтырылуын, тәрбиесін, қосымша білім беруін, медициналық сүйемелдеуін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Оқу-әдістемелік және қосымша материалдар

- 1) Демалыс, сауықтыру және балалардың каникул кезеңіндегі бос уақытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.
- 2) Балалар ББСО/лагерлеріндегі тәрбиелік жұмысты ұйымдастыруға арналған әдістемелік материалдар.
- 3) Балалар мен жасөспірімдердің коммуникативтік дағдылары мен soft skills дамытуға арналған әдістемелік материалдар.
- 4) Қозғалмалы, ұлттық, спорттық және командалық ойындар жинақтары.
- 5) Туристік, спорттық-сауықтыру және ашық ауадағы (outdoor) іс-шараларды ұйымдастыруға арналған әдістемелік материалдар.
- 6) Экологиялық тәрбиені жүзеге асыру және «Таза Қазақстан» бастамаларын іске асыру бойынша әдістемелік материалдар.
- 7) Балаларға арналған STEM-білім беру, қарапайым тәжірибелер, бақылаулар және инженерлік тапсырмалар бойынша материалдар.
- 8) Мектеп оқушыларына арналған қаржылық сауаттылық пен кәсіпкерлік ойлауды дамытуға қатысты әдістемелік материалдар.
- 9) Медиасауаттылық, цифрлық қауіпсіздік және желідегі жауапты мінез-құлық бойынша материалдар.
- 10) Тәрбиелік, шығармашылық, спорттық және мәдени-демалыс іс-шараларының сценарийлер жинақтары.
- 11) Жобалық қызметті, балалардың өзін-өзі басқаруын және командалық жұмысты ұйымдастыруға арналған материалдар.
- 12) Уақытша балалар ұжымы жағдайында балалардың бейімделуіне арналған психологиялық-педагогикалық материалдар.

Оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық және электрондық дереккөздер тізбесі соңғы 5 жылдағы өзекті отандық және шетелдік материалдарды, ауысымның бейіндік бағытын және Бағдарламаны іске асыру шарттарын ескере отырып, Ұйым тарапынан толықтырылады.